

Олимпиада жетістіктері

Алматы қаласындағы Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясында 5B072900- «Құрылыс», 5B073000-«Құрылыс материалдарын, бұйымдары және құрастырылымдарын өндіру» мамандықтары бойынша өткізілген республикалық студенттік пәндік олимпиадаға қатысып қайтқан Жәңгір хан атындағы БҚАТУ студенттері олжалы оралды.



Бұл студенттік олимпиадада университет намысын «Мұнай-газ ісі және машина жасау технологиясы» кафедрасының аға оқытушысы Г.Н. Лұқпановтың жетекшілігімен «Құрылыс материалдарын, бұйымдары және құрастырылымдарын өндіру» мамандығы бойынша «Бетон толтырғыштары» пәнінен Алпысбаева Динара (ПСМ-32), «Құрылыс материалдары» пәнінен Асылғали Елдос пен Өтегенова Анар (ПСМ-32), «Құрылыс» мамандығы бойынша «Инженерлік механика II» және «Құрылыс конструкциясы-1» пәндері бойынша Жолдағалиев Нұрата (СТЭ-32) және Қайрақов Ерболат (ПГС-31) сынды білімді жастарымыз қорғаған болатын.

Олимпиада нәтижесі бойынша, Д.Алпысбаева I орынға, А.Өтегенова II орынға, Е.Асылғали III орынға, Н.Жолдағалиев III орынға ие болса, Е.Қайрақов белсенді қатысқаны үшін арнайы сертификатпен марапатталды.

Г. ЛУҚПАНОВ,
«Мұнай-газ ісі және машина жасау технологиясы» кафедрасының аға оқытушысы

Алматы қаласындағы Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетінде өткен республикалық студенттер олимпиадасының үшінші турына т.ғ.к. С.З. Ахметжанның жетекшілігімен машина жасау факультетінің екі студенті – «Интергаз Орталық Азия» АҚ мекемесінің грант иесі Отаршиев Сұңғат (НГДР-31) пен Болат Асылан (НГДБ-31) қатысып, өз білімдерінің нақты нәтижесін көрсете білді.

Білімпаздар сайысының қорытындысында 5B070800 «Мұнай-газ ісі» мамандығы бойынша С.Отаршиев III дәрежелі дипломмен марапатталды.

А.ЖАНДУЛЛИН,
машина жасау факультетінің 3 курс студенті

«Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау» мамандығы бойынша өткізілген республикалық студенттік пәндік олимпиадаға Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Атырау мұнай-газ институты, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті мен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті және Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің қазақ және орыс тілді 9 командасының құрамында 27 студент қатысты.

Қазылар алқасы қатысушылардың дайындықтары мен теориялық білімдерін, белсенділіктері мен тапқырлықтарын, берілген жауаптардың өзектілігі мен объективтілігін саралай отырып, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың «Жайық толқыны» командасын жеңімпаз деп таныды. Жеке сынақ бойынша да Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың 4 курс студенті Шутенко Алина жүзден жүйрік шығып, топ жарды.

Олимпиаданың ұйымдастырушылары мен барлық қатысушылар және олардың жетекшілері аталған мамандық бойынша біздің университеттің материалдық базасының деңгейіне

жоғары баға беріп, оқу орнының басшылығына өз ризашылықтарын білдірді.

А. ҚОЖАХМЕТОВА,
«Биотехнология, мал және балық шаруашылығы» кафедрасының оқытушысы

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ базасында «Теориялық механика» бойынша VI республикалық олимпиаданың екінші кезеңі өткізілді. Оған Қ.И. Сәтпаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетінің, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің, Рудный индустриалды институтының, Атырау мұнай-газ институтының, Батыс Қазақстан инженерлік-гуманитарлық университетінің және Жәңгір атындағы БҚАТУ қазақ және орыс тілдерінде оқитын 2 курс студенттерінен құралған 6 команда қатысты.

Университет намысын Ә.С.Аққунанова (ПО-23) және А.М.Жумашева (ПГС-23) қорғады (жет. аға оқытушы, магистр А.А.Кашбаев).

Сайыстың алғашқы турында қатысушылар теориялық білімдері мен түсінігі тест тапсырмаларының көмегімен сыналса, екінші турында олардың практикалық дағдыларын тексеру мақсатында теориялық механиканың «Статика», «Кинематика» және «Динамика» бөлімдерін қамтитын үш есеп шығару ұсынылды.

Нәтижесінде командалық есепте жоғары балл жинаған Жәңгір атындағы БҚАТУ командасы жеңімпаз атанса, жеке сайыста «Кәсіптік оқыту» мамандығының II курс студенті Ә.Аққунанова бірінші орынның биігінен көрінді.

Бұл жеңісті студенттер қауымының биыл 50 жылдығын атап өкелі отырған университет мерейтойына қосқан үлесі және тәжірибелі де білікті профессор-оқытушылар құрамына айтқан алғысы деп санауға болады.

Е.ДЖАНАЛИЕВ,
«Жалпы техникалық пәндер және кәсіптік білім» кафедрасының меңгерушісі,
т.ғ.к., доцент м.а.